



СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ЖЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

Лермонтов пен Абай

Орыс халқының ұлы ақыны М. Ю. Лермонтов, Белинский айтқандай, орыс қоғамының даму жолына жана дәуірдің жиыншысы болды. Ол декабристер көтерілісінен кейін енді жана төл жас революцияшылар — революцияшыл-демократтар туып-өсіп келе жатқан дәуірдің алдындағы кезеңінде өмір сүрді. Лермонтов творчествосы осы жана революцияшыл күштердің қалыптасу процесінің, орыс революцияшыл-демократиялық ой пікірінің өсіндегі сол алғашқы кезеңнің айнасы болды. Ескі идеялардан түнілу, адамды әлеуметтік және рухани қанаудан құтқарудың жана жолдарын іздеу, қоғам өмірінің кемшіліктерін өлтіре сынау, жаңаны өсірмей, өрге бастырмай отырған николайлық катап заңға қатты наразы болу — заманның осы ерекшеліктері Лермонтов шығармаларынан көп көрінді, мұның бәрі оның творчествосының характерін белгіледі. Шарқ ұрып іздену, күрес-қыймылды аңсау, жарқын жана өмірге талпыну — Лермонтов шығармаларына тән нәрсе. Лермонтов өз шығармаларында ол кездегі қоғамдық өмірге ашына наразылық білдіреді.

Орыс халқының осындай озат идеяларының жаршысы болған Лермонтовты қазақ ақыны Абай Құнанбаев ерекше кәдіртұтты. Лермонтов шығармаларынан ол орыс халқының биік талап-жігерін, алаңниетін көрді. Лермонтов шығармаларынан ол өз творчестволық өсінде көп үйренді, көп нәр алды.

Абай творчествосы — қазақ өмірінің туындысы. Оған Лермонтов шығармаларын өте-мөте жақын өткен жағдайларды да алдымен сол қазақ өмірінен іздеу керек.

Абай өмір сүрген кез — орыс халқы мен қазақ халқының достығы нығая түскен кез еді. Патшаның тонаушылық-отаршылдық саясатына қарамастан, қазақ өміріне демократиялық, революциялық

дәстүрлері бар орыстың бай мәдениетінің әсері күшейді. Қазақтың алдыңғы қатарлы адамдары — Шокан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев орыс мәдениетіне, әрбиетіне мықтап бой ұрды. Олар Абай айтқандай, орыс ғылымы мен мәдениетін «өмірдің кілті» деп түсінді, орыс мәдениетімен жақындасу қазақ қоғамының дамуындағы бірден-бір ғана дұрыс жол екенін түсінді. Олар қазақтарды орыс халқымен берік достасуға шақырып, орыс классиктерінің шығармаларын таратуға, насихаттауға күш салды.

Абайдың творчествосы орыстың революцияшыл-демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбов және Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой сыяқты орыс жазушыларының реалистік, демократиялық дәстүрлерінің, озат идеяларының тұрадан тура тигізген ықпалымен өсіп өркендеді. Абай, әсіресе Лермонтов шығармаларын көп оқып, одан көп үйренді, оларды ауызша айтып таратып отырды, жылдар бойы Абай бұл ұлы ақынның көп тамаша шығармаларын аударды.

Абайдың Лермонтов шығармаларын сүйіп оқы, олардан көп үйренуі — екі халық арасындағы тарихи достықтың, орыс халқының қазақ мәдениеті өсуіне тигізген жемісті зор әсерінің бір жарқын көрінісі.

Абай Лермонтовты күшті әшкереleşуші, батыл сыншы, адал ызааны ақыны деп жақын көрді. Лермонтов — «ерекше ызааны ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» — дейді Абай. Лермонтовты ызааны ақыны деумен Абай өзінің орыс ақынымен рухани туыстас, үндес екенін білдіріп отыр. Абай өзі де сол заманға қарсы қайнаған ызааны ақыны, мұны ол шығармаларында ашып айтады.

Қазақ ақынының ызаасы — халықтың ауыр халін ойлаудан туды. Осы қайғылы ызалы ойлар бойын билеген Абай, Лермонтов шығармаларының үн-сырын, олардағы

қойылып отырған, Белинский сөзімен айтқанда, «жаңды түршіктіріп, жүректі мұздататын» мәселелерді терең ұға білді. Өз көңілін толқытқан ауыр ойды қозғаған Лермонтовтың «Ой», «Әм жалықтым, әм жабықтым», «Асау той, тентек жыйын бпыр-топыр» сыяқты шығармаларын аударды. Солардан өз ойына тірек, ақындық сезіміне нәр іздеді.

Абай көрнекті діни ақындармен поэзияның әлеуметтік мәнін жоюға шығарушы феодал жыршыларымен қатты күресіп отырып, қазақтың жана әдебиетінің негізін салды. Осы жолда Абайдың көп ойлап, іздене тексерген бір мәселесі — ақындық қызметтің мәнісі, поэзияның міндеті мен мақсаты. Осы іздену үстінде де Абай Лермонтов шығармаларына көп үнілді. Оның «Өзіне сенбе жас ойшыл», «Альбомға» сыяқты көптеген шығармалары Абайдың эстетикалық ой-пікірінің өсуіне үлкен әсер етті. Сөйтіп, қазақ өмірінің тыңдығы, ақынның өз идеялық және творчестволық ізденулері Абайды Лермонтов шығармаларына үнемі үнілтіп отырды. Абай оларды тексеріп қарап, сүйсіне оқыды.

Абай Лермонтовтың 30-ға жуық шығармаларын аударды. Соның ішінен кейбіреулерінің — атап айтқанда: Абайдың «Ал сенейін, сенейін», «Күнді уақыт итеріп», «Құлмсіреп аспан тұр», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек», «Адамның кейбір кездері», «Құлақтан кіріп бойды алар» атты өлеңдерінің — Лермонтовтан аударылғандығы соңғы кезде анықталып отыр. Бұлардың алғашқы төртеуі — дәлме-дәл, жақын аудармалар. Ал соңғы — «Құлақтан кіріп бойды алар», «Адамның кейбір кездері» өлеңдері көп жерлері дәл аударылғанмен, түгел алғанда өзгертіліп, жапқыртылып, еркін аударылған.

Кейбір жолдастар осы біраз өлеңнің ау-

дарма екендігі анықталғанға қарап, екі — үш жолы бір өлеңге жанаса, аударма дей берсе, Абай шығармалары түгел аударма боп кетпей ме деп күдіктенетін секілді. Әрине, бұлай болуы тіпті мүмкін емес. Алдымен Лермонтовтан аударылғандығы кейіннен анықталып отырған өлеңдер — бесеуі — алтау ғана. Бұлар осы уақытқа дейін Абай текстері жете зерттелмегендіктен анықталмай келді. Оған соң, бұлардың екі — үш жолы ғана жақындасып тұрған жоқ, басынан аяғына дейін жақындасып тұр. Мысалы: «Күнді уақыт итеріп» деген 16 жол өлеңнің Лермонтовтың 16 жол «Вечер» атты өлеңінен бір жері де аумайды, түгел дәлме-дәл аударылған. Тіпті «Құлақтан кіріп бойды алардың» өзі де басқы екі жолын сәл өзгертіп, бірді екілі сөз қосқаны болмаса, басынан аяғына дейін «Звуки» атты Лермонтов өлеңінің дәл аудармасы. Салыстырып оқып көрген кісі бұған ешқандай күмән келтіре алмайды.

Абай — ұлы тұлға, өзіне тән өзгешеліктері бар дана ақын. Абайдың өзіндік ерекшеліктері аударма өлеңдерінен де көрініп отырады. Орыс әдебиетінің тамаша дәстүрлерін меңгеріп, ақындық ой-сезіміне нәр еткен Абай, творчестволық жолмен үйренуді жете білген. Ол Лермонтовтан осындай үйренген. Абай Лермонтов шығармаларын творчестволық жолмен аударды. Аудармалардың негізгі ерекшелігі міне осында. Творчестволық характері аударманың әрқайсысынан әр дәрежеде көрініп отырады. Себебі Лермонтовтың текетін жеткізу әдістері әртүрлі, аударманың түй нұсқаға жақындық дәрежесі ылғый бірдей емес.

Жақын, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқып-тебізін, жана сапасын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып мол жеткізеді. Абай Лермонтов нұсқасын барлық жарастық сәнімен, бар ерекшелігімен қазақ тілінде қайталап туғызды. Мысалға «Альбомға», «Жолға шықтым

қараңғы түнде жалғыз» сыяқты өлеңдерді атауға болады. Абайдың Лермонтовтан аударғандарының тең жартысы дерлік — осындай дәл, жақын аудармалар.

Абайдың аудармаға өзгеріс енгізуі қандай негізде болатынын көру үшін «Дұманын» аудармасы — «Ойға тоқталамыз: «Печально я гляжу на наше поколение! Его грядущее — иль пусто, иль темно, Меж тем, под бременем познания и сомнения»

В бездействии состарится оно», — деген басқы төрт жолды Абай былай аударған:

«Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс өмірі а қараңғы,
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды».

Лермонтов «наше поколение» деп Россиядағы өзі тұстас жас адамдардың өмірін суреттеп отыр. «Под бременем познания и сомнения» деп 30 жылдардың Онегині болған Печорин сыяқты орыс адамдарының характерін беріп отыр, олар білімін іске жаратып, елге қызмет ете алмай, сөніссіздікке мықтап беріліп жүргенін айтып, «его грядущее — иль пусто, иль темно» деген сөзбен олардың келешегі жоқ екенін көрсетіп отыр.

Ал Абай болса, «Ой» да қазақ өміріне де бір жағы көз жіберіп отыр. Ол қазақ жұрты — «қараңғы», оның өмірі — «салқын», «қуыс» деп отыр. Сондықтан ол «под бременем познания и сомнения» дегенді өзгертіп, қазақтарға сендерде «Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ» деп, өнер-білім үйренуге шақырып та отыр. «Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды» деп ол жастарды оқыту керектігін де айтады. Бұл жерде Лермонтовша «оно — наше поколение» десе, қыйсыңсыз болар еді. Өйткені Абай — Лермонтов сыяқты бұл кезде жас емес, 50-ге толық келген, енді үмітті жастардан күтіп отырған адам. Оның «балаң» деп жастарды айтуы орынды.

Абай аударманың соңғы біраз жолдары-

ның орнына тыңнан сөз салып, өз заманының тағы бір өрескел мінін былай суреттейді:

«Мал үшін аш қатасын, жан сатасын,
Әкесін мал өлтірген кісідей-ақ

Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын!
Аудармаларын Абай творчествосының өсуінде мәні зор болды, ақынға өмір алдына қойып отырған келелі мәселелерді шешуге көмектесті. Олар Абай творчествосын көп жаңалықпен байытты. Ақындық қызметтің мәнін, азаматтық борышты демократиялық жолмен түсіну, табиғат құбылыстарын реалистік әдіспен суреттеу, адамның ішкі өмірін, көңіл күйін әлеуметтік маңызы бар факт егіп көрсете білу — Лермонтов шығармаларының осы ерекшеліктері Абай аудармаларында толық берілген. Абай Лермонтовтың жана сапалы ақындық сезімін, пікір өрісін, шығармаларының өзгеше үн-сырын аудармада шеберлікпен жеткізеді.

Абай аудармалары сол кездің өзінде-ақ халық арасына кең жайылды. Олар қазақтарды орыс мәдениетіне жақындастырудың құралы болып келді. Аударма Абай үшін Лермонтовтан үйренудің бір түрі еді. Абай Лермонтов творчествосын түгел жете білді. Ақындық өсу жолында Лермонтов творчествосының идеялық және эстетикалық негіздеріне сүйенді.

Орыстың ұлы ақыны Лермонтовтың асыл мұрасы тек сталиндік дәуірде ғана халықтардың қазнасына айналып отыр. Қазір Лермонтов шығармаларын миллиондаған совет адамдары сүйіп оқыды, Лермонтов аты байтақ Отанымыздың барлық бұрышында да зор құрметпен аталады. Өткен заманның қараңғы түнегінде жарық сәулелей болып көрінген Лермонтовты қазақ ақыны Абайдың сол кезінде өзіне жете ұғуы, одан үйреніп, онымен үндес, творчестволық сырлас болуы — орыс пен қазақ халықтарының ежелден орнаған игі достығын да дәлелдейді.

3. АХМЕТОВ.

Филология ғылымының кандидаты.